Ақтоғай кентінің жергілікті қоғамдастықтың жиыны туралы

ХАТТАМА

Ақтоғай кенті **«07» қараша 2025 жыл**

Өткізілу орны: Ақтоғай кенттік округі әкімшілік ғимараты
Өткізілу уақыты: сағат 11:00 -де
Жиынды ашып жүргізетін: Ақтоғай кенттік округінің әкімі Н.Габидуллин

2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚРЗ жүзеге асыру мақсатында және Аягөз аудан маслихатының шешімімен бекітілген. Жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы және сандық құрамына сәйкес, жергілікті қоғамдастықтың мүшелері шақырылып жиын өткізілді.

Жамантиков Ерлан Токтамовичты жиынның төрағасы етіп сайлау ұсынылды.
«Қолдағандар»- 11 адам.
«Қарсы»- жоқ
«Қалыс»- жоқ
Жиын төрағасы етіп **Жамантиков Ерлан Токтамовичты** көпшілікпен, бірауыздан қабылданды.

Жарылкасымов Нұрбол Ержанович жиынның хатшысы етіп сайлау ұсынылды.
«Қолдағандар»- 11 адам.
«Қарсы»- жоқ
«Қалыс»- жоқ
Жиынның хатшысы етіп **Жарылкасымов Нұрбол Ержанович** көпшілікпен, бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі мәселе:

Қыс мезгілінде Абай облысы Аягөз ауданы Ақтоғай кентінің көше жолдарын қардан тазарту жұмыстары бойынша.

Жұмыс жүргізудің келесі уақыт тәртібі ұсынылды:

3. Күн тәртібінің мәселесі бойынша __10__ минут
4. Сөйлеушілерге __5__ минут

Дауыс беру...
Қарсылық бар ма ? Қабылданды.

1.Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселе бойынша Ақтоғай кенттік округінің әкімі Н.Габидуллин :

Ақтоғай кентінің көше жолдарын қардан тазарту өзекті мәселе. Көше жолдарының тазалығы жол көлік оқиғаларының алдын алады. Сонымен қатар тұрғындардың, оқушылырдың жүріп тұруына да ыңғайлы болуы қажет. Сол себепті, қар тазалау үшін арнайы техникасы бар кәсіпкерлермен келісім-шартқа отыруымыз қажет. Осыған байланысты айтар ұсыныс, пікірлеріңіз бар ма?

2.Жергілікті қоғамдастық төрағасы Е.Жамантиков :

Аталған ұсынысты құптаймын. Негізі қар тазалаумен осы кентімізде тұратын, техникасы бар жауапкершілігі мол азаматтармен келісім-шарт жасасқан дұрыс. Өте орынды, дұрыс шешім деп ойлаймын.

3.Жергілікті қоғамдастық мүшесі Д.Саяқов:

Қазіргі уақытта кентімізде заман талабына сай, погрузчигі де, жүк таситың көлігі де бар жеке кәсіпкер «М.А.Акимбаева» осы жұмысқа өте қолайлы. Бұл кәсіпкер жауапкершілігі мол, барлық іс-шараға атсалысып, кез келген жұмысты уақытында атқарып жүреді.

Басқа ұсыныс, пікірлер болған жоқ.

Дауыс берулерінізді сұраймын.
«Қолдағандар»- __11____ адам.
«Қарсы»- ___жоқ____ адам
«Қалыс»- жоқ

Шешім бірауыздан қабылданды

Шешімі: Ақтоғай кентінің көше қарларын тазарту жұмыстарын атқару үшін «Акимбаева.М.К» ЖК-мен келісім шарт жасалсын.

Күн тәртібі толық қарастырылды.
Жиынды өткізу бойынша ұсыныстар мен ескертулер жоқ.
Жиын «жабық» деп жарияланды.

Жиын төрағасы: **Е. Жамантиков**

Жиын хатшысы : **Н.Жарылкасымов**